

2023-2024 оқу жылының педагог-психологтардың атқарған жұмыстары
АҚПАРАТ

№	Іс-шараның атауы	Жүргізілген мерзімі	Іс-шара туралы мәлімет (қанша студент қамтылды)	Фото есебі, сілтемесі	Жауапты
1	«Танысу» тренингі,	01.09. 2023ж	Колледж психологы М.Сұлтанбекова І курс топ студенттері және олардың ата-аналарымен «Танысу» тренингін өткізді. Болашақ маман иелеріне құттықтау тілек айтылды. Студенттерге материалдық және рухани өмірде жоғары кәсіби және әлеуметтік рөлдерді орындау үшін белгілі бір бағдарламамен іс-әрекеттері ұйымдастыратын әлеуметтік жеке тұлға болып қалыптасуына ақыл-кеңестер беріліп, студенттерді білімді меңгеруі мен білім алуға деген қызығушылығы және оның үлгерімінің жоғары дәрежеде болуына, жаңа қоғамдық ортаға бейімделуіне, өзара қарым-қатынасының жақсы болуына шақырды. Мақсаты: ● І курс студенттерінің өзара қарым-қатынас деңгейіне байланысты бейімделу дәрежесін нығайту, бір-біріне сыйластықпен қарауға үйрету. 70 студент қатысты	 	психолог М.Сұлтанбекова
2	"Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу,білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру" кездесу	12.09. 2023ж	"Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу,білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру" атты кездесу іс-шарасы жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында өткізілді. Студенттерге "Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі" бекітілген түрлерімен (атыс қаруы, оның ішінде травматикалық газды, пневматикалық, электрлік және зақымдаушы, әсерлі радиоктивті, шанышқылы. өткір таяқшалар тәріздес заттарды алып келуге тыйым салынғандығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты:		ДТІЖО Ш.Тәжібаев психолог М.Сұлтанбекова

			● Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдерді салауатты өмір салтын қалыптастыруға, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, «Түнгі қаладағы балалар» , «Қауіпсіз жол» әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру. 190 студент қатысты.		
3	Топ студенттері арасында "Сенім жәшігі " акция	15.09. 2023ж	Акция аясында студенттерге "Сенім жәшігінің " орналасу орны мен қызметі туралы түсінік беріліп өтті. «Сенім» жәшігі туралы ақпарат колледж сайтында, ақпараттық тақтада орналастыру жолымен азаматтарға, қызметкерлерге, студенттерге, ата-аналарға жеткізілетіндігіне тоқталып, «Сенім» жәшігі колледждің оқу ғимаратында қолжетімді жерде орналасқандығын айтты. Сенім жәшігінің қызметіне арыз, шағымдар, өтініштер мен ұсыныстар, онлайн-қабылдау, қызметкерлердің, студенттердің және басқа да азаматтардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау туралы өтініштерін, қызметкерлердің Әдеп кодексінің талаптарын бұзғандығы, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық әрекеттері туралы шағымдарын және оқу-тәрбие процесін жетілдіру бойынша ұсыныстарын жедел қабылдау, тіркеу, қарау және жауап беру қызметін атқаратындығы туралы түсіндірілді. Сенім жәшігіне өтініш беру жұмыс күндері сағат 08.30- 17.00 ге дейін жүргізіледі. Мақсаты: ● Студент жастарға сенімді ортаның бар екендігін түсіндіру, ой-пікірін еркін бөлісуге шақыру, қиын жағдайдан шығуына ықпал жасау, сенім тел, сенім жәшігі туралы айту, түсіндіру. 150 студент қатысты.		психолог М.Сұлтанбекова
4	"Мен буллинг, кибербуллингке қарсымын! " дөңгелек үстел	20. 09. 2023ж	Колледж психологы М.Сұлтанбекова ұйымдастыруымен топ студенттеріне құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме, әлімжеттікке тап болудың алдын алу шаралары туралы психологиялық кеңес, түсінік берілді. Студенттерге таныстырылды: «Кибербуллингке не үшін бірден назар аудару керек?» <i>Қорлап, кемсіту баланы психологиялық күйзеліске ұшыратады;</i> <i>Жанын ауыртып, суицидке итермелейді;</i> <i>Мінезінің өзгеруіне әкеледі;</i> <i>Ешкім қорлықтың құрбаны болмауы керек;</i> <i>Әркім өзінің ар-намысын аяққа таптатпауға құқылы;</i> <i>Ата-ана мен мұғалімдер мұндай қорлықты байқаса, бірден балаға көмектесуі керек.</i> Қысым көрген балалардың айрықша белгілері: <i>Мектепке барғысы келмейді;</i> <i>Сабақ оқуға зауқы болмайды және үй тапсырмасын нашар орындайды;</i>		психолог М.Сұлтанбекова

			<i>Көңіл-күйі түсіп жүреді; Үнемі уайымдайды және өзіне сенімсіз болады; Ешкіммен әңгімелесуге зауқы соқпайды және оқшау жүреді; Қорқып сөйлейді, тамақ ішуге тәбеті тартпайды; Үйден қашып кетуге тырысады; Суицид жасайтынын айтып қорқытады; Түнде дұрыс ұйықтамайды және шошып оянады; Өзіне не болғанын айтудан қорқады; Жиі ақша сұрайды не ұрлық жасайды; Ғаламторды не гаджеттерді қолдануға үрейленеді; Телефонына хабарлама келсе, ашуланады.</i> Кибербуллингке тап болғанда: Әлеуметтік желіде қысым көрсеткен адамның хабарламасына жауап бермеу; Онымен сөйлесуді тоқтатып, бұзаттау; Әлеуметтік желі әкімшісіне сен туралы жарияланған жазба не суреттерге шағымдану; Күдікті жазбаларды скриншот жасап, ата-ана не ұстаздарға хабар беру керек. Мақсаты: ● Кәмелетке толмағандар арасында әлімжеттіктің алдын алу, оны болдырмау; ● Буллинг, кибербуллинг, зорлық - зомбылық жағдайларын алдын алудың , топтағы қарым-қатынастарды зерттеу; 25 студент қатысты.		
5	«Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі » кездесу	05.10. 2023ж	Колледж психологы М.Сұлтанбекова қатысуымен «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі » тақырыбында кездесу өткізілді. Психолог мамандар қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыру мақсатында « Мен –ғажаппын! » атты ойын жаттығуын жүргізді. Жас қыздарға арналған кейбір дәстүрлі кеңестер ұсынылды. Денсаулықты қалай күте білу, әдемі де сүйкімді көріну, қоршаған ортада жағымды көріне білудің құпиясы туралы психологиялық кеңестер айтылды. «Ерте жүктілік немен қауіпті?», «Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады? , оның зардаптары қандай? деген бірнеше сұрақтарды қойып, студенттердің ой-пікірлерімен бөлісті. Пікірлесу аясында қыздарға жалпы , қазақта «Қызды қырық үйден тыю» деген тыйым сөздерді түсіндіре отырып, ерте жүктіліктің салдары, физиологиялық тұрғыдан жас ағзаның оған әлі дайын еместігі, әлеуметтік тұрғыдан бей-берекет ерте есейген қыз балаларды күтіп тұрған қиындықтар жайлы түсінік беріліп, «Қыздардың репродуктивті денсаулығы » туралы баяндама оқылып, колледжішілік тәртіп, киім үлгісі, инабаттылық , кішіпейілділік сияқты тақырыптар талқыланды.		психолог М.Сұлтанбекова

			Кездесу сырласу кеші ретінде өтіп, естелік фотосуретке түсіп, қыздарымыз жақсы көңіл-күймен тарқасты. Мақсаты: ● « Қыз балалардың жеке гигиенасы » ● « Ерте жүктіліктің алдын алу » ● «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі » ● Қыз балаларға жақсы мінез, салауатты өмір салтын сақтауды қалыптастыру, дұрыс күтім жасауға үйрету; 25 студент қатысты.		
6	<i>"Мотивация - өмірдің мәні және кез-келген жетістікке жетудің жолы "</i> тақырыпта дөңгелек үстел	06.10. 2023ж	Колледж психологы М.Сұлтанбекованың ұйымдастыруымен "Суицид" өз-өзіне қауіп туғызудың алдын алу мақсатында "Мотивация - өмірдің мәні және кез-келген жетістікке жетудің жолы " тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Колледж жастары барлық жас буын азаматтарын " Мен өмірді сүйемін, маған өмір қымбат! " ұранды сөзіменен өмірді сүйюге, мақсатты, табанды, жігерлі болуға шақырады. 20 студент қатысты.		психолог М.Сұлтанбекова
7	<i>« Жастар әлімжеттікке қарсы және оның алдын алу »</i> жеке және топтық	18.10. 2023ж	«Студенттер арасында әлімжеттікке жол жоқ » тақырыбында лекция оқылып, түсінік берілді. Колледж психологы өз-өзіне қауіпті іс-әрекет жасаудың зардабы қандай ? (Суицид) оның алдын алу , тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы, қиын жағдайға тап болған жағдайда кімнен көмек сұрау керек екендігіне тоқталып, профилактикалық жұмыстар		психолог М.Сұлтанбекова

	профилактикалық жұмыс.		жүргізді. Студенттер өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, қонымды жауап ала білді. 200 студент қатысты. (барлық группа)		
8	«Отбасы –өмір айнасы » сырласу кеші	01.11. 2023ж	Студенттерге бірқатар құқықтық сауаттылық бойынша мағлұмат беріліп, түсіндіру , профилактикалық , кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты : ● Отбасы тәрбиесі туралы ; ● Отбасындағы бала тәрбиесі ; ● Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеу, оның алдын алу туралы ● Ұл-қыздарымызды ұлтымызға жат қылықтардан алшақ ұстауға шақыру ; ● Жастар арасында құқықбұзушылықты болдырмау, оның алдын алуға, ● Заң білімі саласынан мағлұмат беру ; ● құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал жасау. 150 студент қатысты.		психолог М.Сұлтанбекова
9	"Топтағы эмоционалдық қарым-қатынасты нығайту " тренинг, "Дұрыс бағытқа жол " атты ойын жаттығуы	05.11. 2023ж	Колледж психологы М.Сұлтанбекова топтың эмоционалдық қарым-қатынасын нығайту мақсатында топ білімгерлерінің ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалдық еркіндікті, топта бірауыздылық орнатуға жағдай жасауына ықпал жасау аясында «Менің жетістігім» психологиялық жаттығуын ұсынды. Қатысушы студенттер қолдарына ақ қағаз алып, биік шынға жету амалдарын , қағаздың көлемін ұлғайту арқылы көрсете білді. Психолог қатысушы студенттермен социометриялық әдісті жүргізді. Тренинг қызықты , әрі тартысты өтті. Мақсаты: ● Жастардың өмірге құштарлығын, қызығушылығын ояту. ● Суицидтің, өз-өзіне қауіп тудырудың алдын алу. 30 студент қатысты.		психолог М.Сұлтанбекова
10	"Алаяқтардан сақтанайық!" акциясы	01.12- 08.12.23 ж	Колледж психологы Сарысу аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе "Алаяқтардан сақтанайық!" атты акцияны өткізді. Студент жастарға және олардың ата-аналарына онлайн, офлайн форматта "Алаяқтардан сақтанайық!" атты түрлі алдын алу ресми таратылған бейнероликтері ұсынылды. Жеке топ студенттеріне және ата-аналардың WhatsApp желісіне жіберіп, алаяқтарға алданып қалмау мақсатында бөтен номерден қоңырау шалып, өзін банк қызметкері ретінде таныстырғандарға банк шоттарын айтпау керек екендігі туралы, сонымен қатар YouTube, Instagram, Telegram желісінде «Газ-мұнайгаз», «Халық-Банк» «Самұрық қазына» «ҚР Президентінің		психолог М.Сұлтанбекова

			Қазақстан халқына қорына» атты бір қатар компаниялардың атынан жалған, пайызы еселеніп қайтарылатын инвесторлық қаражат салуға шақыратындарға алданып қалмауға , буллинг, кибербуллингке ұшырап қалмауына кеңес беріп, оның алдын алуға бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Алаяқтарға алданып қалмау, оның алдын алу. 350 студент (офлайн, онлайн) 450 ата-ана(онлайн) қамтылды.		
11	"Адамгершілік – асыл қасиет" тренингі	12.12 2023ж	Колледж психологы "Адамгершілік – асыл қасиет" тренингін жүргізді. Студенттерге «Қиындықтан қалай шығуға болады? », «Досқа адал дегенді қалай түсінесіз?», «Ата-ананың рөлі қандай?» т.б қағаз бетіне жазылған сұрақтар таратылып, әрбір баланың ой-пікірі тыңдалып, талқыға салынды. Тренинг барысында студенттер еркін сұхбаттасып, ұялы телефон арқылы «Мен анамды жақсы көрем» әдісін қолданып, сезімдерімен бөлісе білді. Мақсаты: ● Адамгершілік адам бойындағы ең маңызды, әрі керемет құндылық екендігін түсіндіру; ● Білімгерлердің ой-пікірін тыңдау, психологиялық кеңес беру; ● Топтағы эмоционалдық қарым-қатынасты нығайту; ● Қоршаған ортада өзін дұрыс ұстай білуге үйрету ; ● Құқық бұзушылықтың алдын алу. 25 студент қатысты.		психолог М.Сұлтанбекова
		11.01.20 24ж	11.01.2024ж күні студенттердің оқу кезеңіндегі қысқы сессия уақытының соңғы аптасына орай колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Тәжібаевпен, колледж психологы М.Сұлтанбекова барша топ студенттерімен сұхбат жүргізіп, оқу-тәрбие процесіндегі мәселелерге тоқталып өтті. - Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік тәртіп ережелері; - Суық ауа райында, әсіресе қатты жел кезінде төтенше жағдайлардан абай болуға; - Сессия уақытында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге, оның алдын алуға ; - Каникул- демалыс уақытында білімгерлердің қоғамдағы тәртіп ережелерін бұзбауға, ұрлық, төбелес, келеңсіз жағдайлар т.б бұзақылық әрекеттерден бойын алшақ ұстауға; - Қиын мәселеге тап болған жағдайда психолог, топ жетекші, болмаса колледж әкімшілігіне жүгінуге ; «Сенім телефоны» қызметінің жұмысына хабарласуға ; - Түнгі мезгілде кәмелеттік жасқа толмаған студенттерге сағ 22.00-ден кейін көшеде ата-анасынсыз жүруге тыйым салынғаны туралы тағы бір ескертіп, түсіндіру, алдын алу жұмыстарын жүргізді.		

		26.01.2024ж .	26.01.2024ж . күні колледж психологы М.Сұлтанбекова қысқы сессия демалыс уақыттарын өткізіп келген студент жастармен психоконсультациялық, психокоррекциялық, профилактикалық, алдын алу жұмыстарын жүргізіп, көңіл-күйлерімен танысып шықты.		
	« Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!»	02.02.2024ж	02.02. 2024ж күні "Жол картасы "аясында баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицидтің , балалар саудасына қарсы іс-қимыл бойынша , оның алдын алу мақсатында колледж психологы М.Сұлтанбекова кәмелеттік жасқа толмаған студенттер арасында « Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Сұхбаттасу барысында студент жастарға: ◆ Адам саудалау туралы не білесіз? ◆ Адам саудалауға азаматтар қалай ұшырайды? оның алу туралы психологиялық кеңес беріліп , жағдаят сұрақтары талқыланып, «Бала құқықтары» атты видеоролик ұсынылды. Топ студенттері өздерінің ой пікірімен еркін бөлісіп, өздеріне тапсырылған парақшадағы сөзге мағлұмат беріп өтті.		
	"Бала бақылауда"	07.02.2024ж	07.02. 2024ж күні колледж психологы М.Сұлтанбекова колледж директоры Д.Қ.Аманқызының қатысуымен ұл балалар арасында кең көлемді "Бала бақылауда" атты тақырыпта жиын өткізді. Жиналыста алғы сөз кезегін колледж директоры алып, құқықтық сауаттылық бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, әрбір баланың қадамы бақылауда екендігін түсіндіріп және қауіп-қатер жағдаяттардан сақ болуға шақырды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың және оларға қарсы қылмыстардың алдын алу бойынша Жол картасының орындалуы аясында "Қатер тобындағы балалардың девианттық мінез-құлықтарын түзету шаралары, оның алдын алу" негізінде жастардың қылмыс жасауына жол берілмеуіне, "Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда, кафелерде отыруға және сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынғандығы" туралы тағы ескертіп, абай болуға шақырды. Келесі сөз кезегінде колледж психологы М.Сұлтанбекова студенттермен психоконсультациялық , профилактикалық жұмыстар жүргізді. Өз сөзінде әрбір баланың қадамы бақылауда екендігіне тоқталып, бос уақыттарын тиімді өткізу үшін , үй шаруасымен, үйірме спорт түрлеріне қатысуға шақырды. Келенсіз жағдайларды болдырмау аясында азаматтық міндеттері мен заң талаптарын бұзбау туралы психоконсультация беріп өтті.		

			Студент жастарға : ◆ « Баланың құқықтары , әлімжеттіктің алдын алу» ◆ « Тұрмыстық зорлық – зомбылық» ◆ « Түнгі қаладағы балалар рейдінің мақсаты» ◆ «Топ аралық қарым-қатынасты нығайту туралы түсінік беру» ◆ Кәмелетке толмағандардың вандализімі, есірткі, спирттік ішімдіктердің, темекі өнімдерін тұтыну,сатудың қылмыстық жауапкершілігі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 441,442,448,ҚК-тің 274 баптары кеңінен түсіндірілді. ◆"Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі " бекітілген түрлерімен (атыс қаруы, оның ішінде травматикалық газды, пневматикалық, электрлік және зақымдаушы, әсерлі радиоктивті , шанышқылы. өткір таяқшалар тәріздес заттарды алып келуге тыйым салынғандығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді		
	« Хат жолдау »	01.03.2024ж	01.03.2024ж күні 1-наурыз « Алғыс айту » күніне орай, колледж психологы М.Сұлтанбекова колледж ұжымы және барлық студенттермен « Хат жолдау » акциясын өткізілді. Акцияның ашылу салтанатында алғы сөзді колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Тәжібаев алып, барша оқытушылар мен студенттерді «Алғыс айту » күнімен құттықтап, өз сөзінде: «Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен, елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзым белгісі. Қазақ халқы қиын – қыстау заманда олардың басына түскен ауырпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздің түрлі ұлт өкілдерінің арасында адамгершілік қарым - қатынастың өнегелі өлшемі » - деген сөзіне тоқталып, ақ-тілегін білдірді. Іс-шара барысында барлық студенттер белсенділік танытып, ақ тілек лебіздерін достарына, курстастарына, ата-аналарына, топ жетекшілеріне жолдап, хат алмасты.		
	"Күйзеліс және оның алдын алу "	13.03.2024ж	13.03. 2024ж күні колледж психологы М.Сұлтанбекованың ұйымдастыруымен суицид, өз-өзіне қауіп тудырудың алдын алу мақсатында студенттермен "Күйзеліс және оның алдын алу " тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.		

			Сұхбат барысында студенттерге күйзелістен шығу жолы қандай?, оның алдын алу туралы психологиялық консультация берілді. Студент жастарға жағдаяттар парақшалары таратылып, сұрақ-жауаптар талқыға салынды. Жеткіншектік , жасөспірімдік жастың жалпы және жеке проблемаларын анықтау аясында "Филипистің мазасыздану деңгейін анықтау " атты диагностикалық сауалнамасы алынды. Колледж медбикесі С.Есеналиева күйзелістен пайда болатын ауру түрлерін кеңінен түсіндіріп, дұрыс тамақтану ережесін ұстануға шақырды.		
		19.04. 2024ж	19.04. 2023ж күні " Жетістіктер баспалдағы " атты акциясы аясында колледж психологы М.Сұлтанбекова «Жетістікке жету өз қолында » атты тренинг сабағын өтті. Бірінші кезекте студенттерге « Жетістікке жетудің кілті » тақырыпта видеоролик көрсетіліп, көрсетілген көрініс арқылы сұрақ-жауаптар алынды. Студенттерге: ● Жасөспірімдер арасында өз-өзіне сенімділік қасиеттерін арттыру; ● Қауіп-қатерден шығудың оңай жолын табуға психологиялық консультация беру; ● Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында зиянды әрекеттерден бойын алшақ ұстауға баулу; ● Салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында ұйымдастырылды. Тренинг барысында « Құрмет » қасиетінің , оның не екенін, неліктен маңызды екенін түсіндіру, сезіндіру үшін бір-бірлеріне құрметпен қарап, сыйластықта болуға шақыру мақсатында « Подиум» ойын жаттығуы өткізілді. Қатысушы білімгерлер көтеріңкі көңіл-күймен әрбір подиум жолынан өткен қатысушыны қошеметтеп қарсы алып , ыстық ықыластарын көрсете білді. Іс - шараға арнайы қатысқан пән оқытушылары С.Баймурзаева, А.Карибаева, Е.Базаровтар өздерінің өмір тәжірибесінен мысалдар келтіріп, мотивациялық ақыл-кеңестерімен бөлісті.		
		03.05.20 24ж	03.05.2024ж күні колледж психологы М.Сұлтанбекова топ студенттерімен «Адамгершілік » тақырыбы ауқымды және мәңгілік екендігіне тоқталып, Абай атамның сөзін мысалға алып , адамның жақсы болуы айналасына да және тәрбиесіне де тікелей байланыстылығын атап айтты. « Менің асыл қасиеттерім » атты тренингін жүргізді.		

			Тренинг барысында білімгерлерге тапсырмалар беріліп, ой-пікірлері тыңдалды. Тренинг барасында жастардың ой-санасына құнды қасиеттерді ұғындыру аясында психологиялық консультациялық кеңестер берілді. Жастар ортаға шығып жанындағы достарының асыл қасиеттерін атап өтіп, мінездеріне қарай сипаттама жасады. Айтылған әрбір түйін сөзге қорытынды пікір айтылып, топ студенттері өздерінің болашақ арман-мақсаттарымен бөлісті. Тренинг сабақта студенттер адамгершілік қасиеттері туралы толықтай түсінік алып, еркін сұхбаттаса алды.		
		26.05.2024ж	26.05.2024ж күні №11 Сарысу колледжінде колледж психологы М.Сұлтанбекованың ұйымдастыруымен «Жазғы демалысты қалай тиімді өткізуге болады ? » тақырыпта дөңгелек үстел өткізіліп, эссе жазылды. Жалпы балалар үшін бұл кезеңнің маңызы ерекше. Күнделікті сабақтар артта қалып, осы уақытты балалар барынша қызықты әрі көңілді өткізуді армандайды. Оның ішінде қала баласының үш ай демалысты тиімді пайдаланғаны жөн. Өйткені, бос жүрген білімалушы көше бұзықтарына еріп кетуі әбден мүмкін. Осы орайда, жіберілген олқылықтың орнын толықтыру үшін, студент жастарға жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға бағытталған колледжішілік спорттық үйірмелердің жұмыс жасайтындығы туралы ескертіліп, бос уақыттарын тиімді өткізуге мүмкіншілік бар екендігі айтылды. Сонымен қатар ата-аналар WhatsApp чатына «Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес» жадынама парақшалары ұсынылып, психологиялық консультация берілді. Барша ата-аналар қауымына баласына көбірек көңіл бөлуге, жазғы демалыс уақыттарын тиімді өткізуге шақырамыз! Іс-шараға директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Тәжібаев және топ шеберлері қатысты		

Колледж психологы:

М.Сұлтанбекова

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«№11 САРЫСУ КОЛЛЕДЖІ»МҚҚК**

**2023-2024 оқу жылының педагог-психологтардың жылдық атқарған жұмыстары
туралы есебі**

Психолог: Мадина Сұлтанбекова

2023-2024 оқу жылы